

көркемдеп, жандандырып, нәр беруші амалдардың бірі – халық тіліндегі тұрақты фразеологиялық тіркестер. Олар тілдегі бейнелі, экспрессивті, эмоциялы бояуы қанық амалдардың қатарынан орын алады. Олар – ұлттың психикалық өзгешелігінің негізінде қалыптасқан образды ойлау тілінің үлгілері, халықтық даналыққа суарылған өткір құралдар» - деген Хасан Кәрімов пікірін ескере келе, ақын шығармаларынан мынадай мысалдар келтіруге болады[3,134 б.]. Мәселен, ақынның:

*Мыртық бойлы көк түйнек сыр түйеді,
Естен шықпас ерекше бір күй еді.
Кер кеуректің жамылған көлеңкесін,
Кесірткенің кірпігі кіртіеді. («Бесін» өлеңінен, 21 б.)*

*Тірліктің жақсылыққа жорып таңын,
Көн мойын торсық байлап торықпадым.
Арақтың шалығы сәл шалғанымен,
Бұзылып кеткенім жоқ қорықпағын («Мәскеу саздары», 185 б.)*

– деген өлеңдеріндегі «кер кеуректің көлеңкесін жамылу», «торсық байлап торықпау» сынды тіркестері оқырманға айрықша әсер етуімен ерекшеленеді. Мұндағы «кер кеуректің көлеңкесін жамылу» мен «торсық байлап торықпау» тіркестері окказионал фразеологизм ретінде ақынның өзіне тән ерекшелігін танытады әрі белгілі бір мезеттегі ақынның ішкі жан-дүниесінің астаң-кестең толқынысынан хабардар етеді.

Қорытынды. Түйіндей келгенде, ақын Аманхан Әлім ұлт тілінде ғасырлар бойы поэтикалық көркемдікке қызмет еткен фразеологиялық бейнелі тіркестерді көркемдік талаптарына сай шеберлікпен пайдалана білді, әрі қарай жетілдірді, дамытты. Бәлкім, өлең жазу барысында ақын соны тіркес іздемеген де болар. Бірақ, мұның бәрі ұлт тілінде қолданыс тауып жүрген түрлі ұғымдардың ақын елегінен тыс қалмай, ақын санасында жаңа формада берік орныққанын аңғартса керек. Сондықтан да ақынның жаңа фразеологиялық қолданыстары тосын құбылыс болды және әдеби тілдің қатарына еркін еніп, етене қабылданып кетті. Ал қабылдану – тіл дамуының, ой дамуының мызғымас көрсеткіші.

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі:

1. Уәлиұлы Н. Фразеология және тілдік норма. Алматы: Республикалық баспа кабинеті, 1999. – 128 б.
2. Сыздық Р. Абайдың сөз өрнегі. – Алматы, 1995. – 201 б.
3. Кәрімов Х. Қанатты тіл. - Алматы: Санат, 1995. – 144 б.
4. Әлім А. Ай нұры алақанымда. – Алматы: Атамұра, 2003. – 138б

References:.

1. Uәliūly N. Frazеologia jәne tildik norma. Almaty: Respublikalyq baspa kabinetі, 1999. – 128 b.
2. Syzdyq R. Abaidyñ sөz örneгі. – Almaty, 1995. – 201 b..
3. Kәrimov H. Qanatty til. - Almaty: Sanat, 1995. – 144 b.
4. Ālim A. Ai nūry alaqanymda. – Almaty: Atamūra, 2003. – 138b.

МРНТИ 16.01

<https://doi.org/10.51889/2020-4.1728-7804.19>

Қасенов Е.С.,¹ Жиренов С.А.¹

^{1,2}Абай атындағы Қазақ ұлттық педагогикалық университеті,
Алматы, Қазақстан

ПРОФЕССОР Қ.ЖҰБАНОВ ЕҢБЕКТЕРІНДЕГІ ТЕРМИНОЛОГИЯ МӘСЕЛЕЛЕРІ

Аңдатпа

Бұл мақалада қазақ терминологиясының пайда болуы мен дамуындағы Құдайберген Жұбанов еңбектерінің маңызы айтылған. Ғалым Құдайберген Жұбанов еңбектеріндегі термин мәселесі мен қазақ тіл білімі терминдерінің жасалу жолдары нақтылы мысалдармен дәлелденіп берілген. Термин жасаудағы ғалым ұсынған ғылыми ұстанымдар да сөз болған. Құдайберген Жұбановтың терминология саласындағы еңбегінің өлшеусіз екендігін айғақтайтын пікірлер нақты дәйек ретінде келтірілген. Халықаралық терминдерді аудару мәселесіндегі ғалым Құдайберген Жұбановтың пікірлері мақалада сөз етіліп, нақты дәйектер келтірілген. Ғалым Құдайберген Жұбановтың интернационалдық сөздерден қашпау керек деген ұстанымының маңызы туралы дәлелді түрде жеткізіледі. Сондай-ақ мақалада Құдайберген Жұбановтың сөздің терминге айналуы барысындағы қосымшаның өзіндік ерекшелігі жөніндегі ойлары да сөз етілген. Ғалым Құдайберген Жұбановтың сөзге жалғанған әрбір қосымша белгілі бір ұғымға қатысты жалпылық сипатқа ие жаңа сөз жасайтынын нақтылап бергендігі де барынша сипатталған. Қазіргі тіл білімінде терминнің негізгі қасиеттерінің бірі мағына дәлдігі десек, бір тіл мен екінші тіл арасындағы мағына

сәйкессіздігі де мақалада айтылған. Бұл мәселенің бүгінгі күннің де өзекті мәселесінің бірі екендігі мақалада қарастырылған.

Түйін сөздер: терминологиялық бірліктер, терминология, дыбыс жүйесі, калька, терминжасам, ұғым

Kasenov Y.,¹ Zhirenov S.²

*^{1,2}Kazakh National Pedagogical University named after Abay,
Almaty, Kazakhstan*

PROBLEMS OF KAZAKH TERMINOLOGY IN THE WORKS OF PROFESSOR K.ZHUBANOV

Abstract

At this article there discusses about the main features of K.Zhubanov works on developing Kazakh terminology and education. Specific examples identified the issues of the term and the term in the way of education Kazakh linguistics. Reviews of the value of work in the field of terminology K.Zhubanov presented as evidence. Comments of the K. Zhubanov on the translation of international terms are set out in the article and specific arguments are given. The article also presents the thoughts of K. Zhubanov about the features of the application in the process of turning a word into a term. K. Zhubanov clarified that each addition to a word creates a new word that has a General character in relation to a particular concept. In modern linguistics, one of the main properties of a term is the accuracy of meaning, as well as the discrepancy of meaning between one and another language.

Keywords: terminological units, terminology, sound system, tracing paper, the structure of the term, the concept

Касенов Е.С.,¹ Жиренов С.А.²

*^{1,2}Казахский национальный педагогический университет им. Абая,
Алматы, Казахстан*

ПРОБЛЕМЫ КАЗАХСКОЙ ТЕРМИНОЛОГИИ В ТРУДАХ ПРОФЕССОРА К.ЖУБАНОВА

Аннотация

В этой статье рассматриваются особенности трудов Кудайбергена Жубанова о возникновении и развитии казахской терминологии. В его трудах на конкретных примерах определены проблемы термина и пути его образования в казахском языкознании. Комментарии, свидетельствующие о неопределённости заслуг К.Жубанова в области терминологии, приведены в виде конкретных аргументов. В статье изложены комментарии ученого К.Жубанова относительно вопроса перевода международных терминов и приведены конкретные аргументы. Высказывается позиция ученого о том, что не нужно избегать интернациональных слов. В статье также изложены мысли К.Жубанова о своеобразии приложения в процессе превращения слова в термин. Ученый К.Жубанов уточнил, что каждое приложение к слову создает новое слово, которое имеет общий характер по отношению к тому или иному понятию. В современной лингвистике одним из основных свойств термина является точность значения, а также несоответствие значения между одним и другим языком. В статье говорится о том, что эта проблема является одной из актуальных и на сегодняшний день.

Ключевые слова: терминологические единицы, терминология, звуковая система, калька, строение термина, понятие

Кіріспе. XX ғасыр басындағы қазақ тіл білімінде орын алған түрлі өзгерістер терминология ғылымының қарқынды дамуына алып келді. Ғылымның қай саласы болсын сан түрлі сөздердің ғылыми атауларын қажет етті. Осымен байланысты барлық саланың алғашқы терминдері жасалып, жалпы терминдік жүйесі қалыптаса бастады. “Терминология мәселелері үстіміздегі ғасырдың 20-30-ыншы жылдарында ең бір өзекті, көкейкесті проблема болды, өйткені жаңа құрылыс, жылдан-жылға дами түскен ғылым мен техника, қалың бұқараны кеңінен қамтыған оқу-ағарту ісі, жазба әдебиеттің дамуы – осылардың баршасы жүздеген жаңа ұғым атауларын жасауға мәжбүр етті және бұлар жай атаулар емес, терминдік сөздер болуға тиіс еді” [1, 318 б.]. Терминология ғылымының іргетасы берік қалануында А.Байтұрсынұлы, Қ.Жұбанов, Қ.Кемеңгерұлы, Х.Досмұхамедұлы, Е.Омаров, Т.Шонанов сынды ғалымдардың еңбектерінің маңызы айрықша болды. Бұл ретте А.Байтұрсынұлымен қатар XX ғасырдың басында-ақ тіл білімінің мәселелерін зерделей зерттеп, ғылыми-теориялық негізін салған ғалым Қ.Жұбановтың терминология саласындағы еңбектері – ұлттық терминологияның қалыптасуындағы құнды қазына.

Әдістеме. Бұл мақалада профессор Құдайберген Жұбановтың терминология ғылымына қосқан үлесі сөз етілгендіктен ғылыми еңбектерге талдау жасау мен сипаттау, жүйелеу, қорыту сынды әдістерді қолдандық. Ғалым еңбектерінің басым көпшілігі XX ғасырдың 20-37 жылдар аралығында жазылғандықтан сол тұстағы ғалымдар еңбектерімен салыстырмалы түрде қарастыру әдісі қолданылды.

Нәтиже мен талқы. Ғалым Қ.Жұбановтың 20-шы жылдардың екінші жартысы мен 30-шы жылдарда белсене қатысып, көп еңбек сіңірген саласы – қазақтың ұлттық жазуын, емлесін және терминологиясын жасау. “Қандай

болмасын ғылым, ең алдымен, адамзатқа пайдалы ілім болу керек. Адамзатқа қажет ілім тіл арқылы беріледі, сондықтан тілді оқытуға ерекше көңіл бөліну керек” – деген ғалым Қ.Жұбанов өзінің барлық еңбектерінде де теориялық білімінің тереңдігін танытып береді [2, 34 б.]. Белгілі бір мәселелер жайында қорытынды шығарарда ол көптеген тілдердің ортақ заңдылықтарын негізге алып, типологиялық салыстырулар жасап отырады. Мысалы, орыс тілінің терминдерінің жасалуы мен қазақ тіліндегі терминдерді ішкі мағыналық үйлесімі, ұлттық таным тұрғысынан өзара салыстыра қарастырып: “термин принциптерін дұрыс шешу үшін: термин деген не, белгілі бір ұғымға арналып, басқасына бұрылмайтын стандарт термин болуға лайық қандай сөздер, алдымен осыны шешіп алу керек. ...термин сөзі белгілі бір кезеңдегі белгілі бір ғылыми ұғымды, ұғым болғанда да, көбінесе-ақ сол сөздің, сөздік мағынасына жуыспайтын ұғымды білдіретін болады. Олай болса, термин сөз – қашан өзінің тұрақтылығын қойып, екінші бір ұғымға ауып кеткенше, тұрақты болып тұрады” – деген пікір айтады [3, 350 б.]. Ғалым терминдердің қарапайым, яки күнделікті қолданыстағы және терминдік мағынасы болатынын баса айтады. Мысалы, бұрын сөзі мен “буын” терминін алуға болады. Сондай-ақ ғалым нақты бір термин мағынасының жаңаруы терминнің тұрақтылығын жойып отыратындығын атап береді. “Мұндай реттер барлық терминдерде ұшырайды десек, көп қателескен болмаймыз; сонда ескі терминдер сақталып, қала береді, бірақ мағынасы соныланып жаңарады” [3, 350 б.]. Ғалымның бұл ойы ғылым мен техниканың дамуы барысында терминдер мағынасының ұлғаятындығын және нақтылана түсетіндігін дәлелдейді. Ғалым дәлел ретінде “атом” мен “психология” терминдерін дәлелге келтірген. Орыстың “мелкая вода” дегендегі “мелкий-ді “ұсақ” (су) деуге болмайды, - “тайыз су” дейміз, - мұнда “мелкий” сөзіне “тайыз” дәл келеді. ...Бір нәрсенің осылайша бөлектеніп шығуы әр елдің тарихи даму жағдайларынан келіп шықпақ, конкрет тарихи жағдайларға қарай икемделмек, ондай жағдайларды әрбір коллективті өз басынан оздыратын сияқты, бірақ бір сөздің әлгіше бөлектеніп шығуы түрліше болады. Әр коллектив өзінің тіршілігінде бір нәрсенің бір жағымен ғана пайдаланса, ол нәрсені сол жағымен ғана таниды, құбылыстардың арасындағы байланысты осы жағынан алып көрсетеді. «Восход солнца» кейбір халыққа «күннің жоғары көтерілуі» болып көрінген, енді біреулерге “үйден шығу” тәрізді, үшіншілерге “туу” тәрізді боп көрінген [3, 352 б.]. Міне, ғалымның дәлелмен берілген мысалдары соқырға таяқ ұстатқандай анық, ұғынықты. Бұдан белгілі бір сөздердің белгілі бір ұлт тіліне еніп, терминденуінің негізі халықтың ғасырлар бойғы қалыптасқан таным-түсінігімен де тығыз байланысты құбылыс екендігіне көз жеткіземіз. “Өмірде кездесетін ұғымдар, оған сәйкес сөздер осылай жасалып, жарыққа шығып отырады, ал енді, бір елдің тіліндегі сөздер, қашан да толық сәйкес болып отырған емес, үйткені елдердің тіршілік жолындағы, тарих заңымен келіп шыққан ұғымдағы айырмашылықтар жойылмай тұрып, ол сөздер бір ыңғай толық бір-біріне сәйкес келе алмайтын сияқты” – дейді ғалым [3, 352 б.]. Ұлттың тарихи даму жолы, ондағы түрлі өзгерістер мен қоғамдық құбылыстардың өзгешелігіне орай ұғымдардың өзгеше болып келуі – заңды құбылыс. Себебі, кез келген жаңа сөздің туындауы, ғылыми ұғымның қалыптасуы нақты бір тарихи кезеңмен, тарихи оқиғамен тікелей байланысты. Олай болса, ғылыми ұғымның тұрақтануы белгілі бір тарихи кезеңге тәуелді, ал оның мағынасының ұлғаюы ғылыми жетістіктерге бағынышты. Бұл жөнінде ғалым: “ұғымдарды белгілі бір ғылым тарихының белгілі бір кезеңі жетектеп отырады” – деген ой айтады [3, 353 б.].

Ғалым Қ.Жұбанов: “қай тілдің де жай сөздері тек сол елдің ғана қолданатын сөзі болудан озып, ғылыми ұғымдарды білдіретін болса, сонда ғана термин қатарына кіреді” – лексикалық бірліктің терминденуі ең алдымен, сол тілдік бірліктің ғылыми ұғымды беруінде екендігін ұдайы көрсетіп отырған [3, 353 б.]. Ғалым дәлел ретінде халық тіліндегі “тау сағыз” сөзін келтірген. Ғалым пікірі қазақ терминологиясын қалыптастыруда ұлт тіліндегі тілдік бірліктерді ескерусіз қалдырмау керектігін көрсетіп тұр. Ғалым терминдер жүйесін қалыптастыру барысында халықаралық терминдерге күмәнмен қарауға болмайтындығын, өзінің халықаралық терминдерді қолдайтындығын да білдіреді. Ғалым: “термин – әр елдің сөзімен алынса да, мысалы “еңбек”, “ақша” немесе халықаралық сөзбен алынса да, мысалы “капитал”, “валюта” сияқты – қашан да халықаралық болады, үйткені бұлардың екеуі де жер жүзіне белгілі ортақ ұғымдарды білдіреді. ...Бірақ бұл дәуірде ұлт және ұлт тілі жойылып кетпейді ғой, сондықтан халықаралық терминдерінің бірсыпырасы, мүмкін, тіпті ел-елдің өз сөзімен алынып отырады. Халықаралық ортақ терминдермен қатар, ел-елдің өз тілінде алынған терминдер де болмақ. Екеуі қоян-қолтық тепе-тең түсіп отыра ма немесе біреуі кем, оның есебіне екіншісі артып отыра ма – о жағы тарихи жағдайлармен сабақтас нәрсе, бірақ халықаралық ортақ сөздермен қатар алынатын терминдер қоғамның дамуына қарай өсіп, өрісі кеңеюі даусыз. Сүйтіп қазақ тілінің терминдері бір жағынан бір ыңғай интернационал сөздермен алынса, екінші жағынан – қазақ сөздерінен жасалатын болады” – дейді [3, 353-354 бб.].

Халықаралық терминдерді аудару мәселесіне де ғалым өз пікірін білдіреді. Мысалы, ғалым: “бірыңғай интернационал терминдер – қазақ тілінде оларға сәйкес келетін сөздер табылсын, табылмасын – аударылып алынбасын дейміз. Қазақ тілінің терминдері жайлы біздің ұстаған жолымыз осы” – деген пікір айтады [3, 354 б.]. Ғалымның бұл пікірі терминдерді ұғынықты ету мақсатында оларды аудармау керектігін аңғартады. Академик Р.Сыздық сөзімен айтақ, “ғалым Қ.Жұбанов “интернационалдық сөздерден қашпау керек” деген принципті дәлелдеді” [1, 318 б. б.]. Әлбетте, тіліміздегі терминдердің басым бөлігі орыс және орыс тілі арқылы еніп, тіліміздің терминдік қорын толықтыра түсті. Дегенмен соңғы жылдары техника, медицина салалары бойынша аударылған терминдердің қазақ тіліндегі нұсқасы қолданысқа түспей отыр. Ал оның басты себебі: сөз бен терминнің аражігінің айқындалмауында жатыр. Ғалым Қ.Жұбанов пікірімен айтқанда, “сөз бір нәрсенің жай аты ғана емес, жете танылған, бөлектеніп шыққан нәрсенің аты”, халықаралық термин – “ел-елдің өз сөзімен алынып отырады” [3, 352-353 б.]. Басқаша айтқанда, термин мен сөздің аражігі олардың өзара мағыналық жақындығы мен атаулық сипатынан айқындалады. Лексикалық бірліктерден терминдер оқшаулау болады. Лексикалық бірлікке қарағанда терминнің

тұлғасында шарттылық басым. Лексикалық бірліктерден терминологиялық бірліктердің ерекшелігі, ең алдымен олардың ішкі семантикалық ұйымдастырылуымен (құрылымы) айқындалады. Ғалым А.С.Гердтің пікірі бойынша: “Терминнің өзгешелігі тұрпат межесінде емес, мазмұн межесінде, яғни оның мағынасының табиғатында жатыр. Өйткені термин дегеніміз – ғылыми ұғыммен байланысты анықтамаының белгілі бір сөзге жасанды, саналы түрде берілуі” [4, 34-41 б.]. Түсіндіре айтсақ, термин бір ұғымға ғана сәйкес келетін таңба, терминде таңба мен таңбаланушының сәйкестігі бірмағыналылық сипатқа ие.

Ғалым өз еңбектерінде сөзді терминге айналдыру барысындағы қосымшаның өзіндік ерекшелігі де сөз етілген. Ғалым сөзге жалғанған әрбір қосымша белгілі бір ұғымға қатысты жалпылық сипатқа ие жаңа сөз жасайтынын нақтылап береді. Мысалы, ғалым “единица измерения” деген терминді “өлшем бірлік” деп алу керектігін дәлел ретінде береді. Осы “өлше” етістігіне “-уіш” емес, “-м” жұрнағын жалғау арқылы бір нәрсенің шамасын өлшеуге жарайтын мөлшерлердің бәрін қамтитын жалпы ұғымға ие термин жасалатынын айтады. Демек, ғалым Қ.Жұбанов та термин жасау барысында ғасырлардан бері қолданылып жүрген “белгілі іс-әрекеттің субстантивтенген, яғни заттық (зат есімдік) атауын білдіруде өте жиі жұмсалатын –ым/ім/м жұрнағын” кәдеге жаратуды жөн көрген [5, 380 б.].

Термин – термин емес сөздерден ажыратып көрсететін ерекше сипаттарға ие тілдің лексикалық жүйесінің бірлігі. Бұдан терминге қатысты мынадай қасиеттер мен сипаттамаларды айтуға болады:

- Термин белгілі бір салаға қатысты ұғымдар атауларын дәл беру мақсатында қолданылатын тілдің арнаулы аталымдық лексикалық бірлігі болып саналады;

- Терминдер ғылым мен техниканың дамуына байланысты туындаған жаңа ұғымдардың атауы болып табылады;

- Терминдердің барлығы бірдей жаңа сөз ретінде, ал жаңа сөздер термин ретінде қолданыла алмайды;

- Ұлт тілінде пайда болған тілдік бірліктер жаңа сөз әрі термин ретінде қолданылып отырады;

- Терминнің ұғымға сәйкес келуі негізгі талабы болып табылады;

- Терминдердің барлығына қысқалық, дәлдік талабы ортақ болып келеді. Жоғарыда айтылған бұл сипаттамалар ғалымның сол кезеңдегі “Термин сөздердің спецификасы жөнінде” деген ғылыми мақаласынан көрініс тауып, онда термин сөздердің лексикалық бірліктерден ерекшелігі мен табиғаты түсіндіріліп берілген.

Қазіргі тіл білімінде терминнің негізгі қасиеттерінің бірі мағына дәлдігі десек, бір тіл мен екінші тіл арасындағы мағына сәйкессіздігі өткен ғасырда да бүгінгі күнде де келелі мәселенің бірі болып келеді. Бір тілдегі ұғымдардың екінші бір тілдегі баламасы кездеспей жатуы заңды құбылыс. Бірақ кез келген зат пен сол затты атайтын сөз арасында байланыстың бар екендігі анық. Осымен байланысты заттарға атау беріледі. Заттар мен құбылыстарға берілетін атаудың бірден не біршама уақыт аралығында нақтылатыны белгілі. Қазіргі уақытта халықаралық терминдердің, мысалы, аэропорт (эужай), станция (бекет), сингармонизм (үндестік), т.б. аударылып алынуы ұлт тілінің толығына алып келді. Әрине, ғалымның бұл пікірлері айтылған кезеңнен бүгінге дейін ғасырға жуық уақыт өтті. Ал уақыттың өтуі барысында белгілі бір халықаралық терминдердің ұлт тіліндегі дәлме-дәл баламасының туындайтыны белгілі. Мұны өзге тіл ұғымдарының ұлт тілінде кемеріне келіп толысуы деуге болады. Өлбетте халықаралық терминдердің ұлт тіліндегі баламасы бірден табыла кетсе, енді бір ұғымдардың нақты баламасының туындауына ұзақ уақыт қажет болады. Демек, ұғымдардың толысу мерзімі болатынын анық аңғарамыз.

Қорытынды. Түйіндей келгенде, ғалым қосымшалар ұғымдардың толысуы мен термин мағынасының нақтылануына да септігін тигізетінін өзінің “Физика терминдері жайынан” атты мақаласында жария еткен. Ғалым терминжасау барысында ұғымдарға анықтауыш қосылатын болса, мағыналық өзгеріске ұшырайтындығын атап өтеді. Мысалға, орыстың “волна световая” деген физикалық терминін “жарық толқын” немесе “жарықтық толқын” деуге келмейтінін дәлелдейді. Бұл терминді “жарық толқыны” деп алудың дұрыс болатынын атайды. Бұдан ғалымның терминжасамға немқұрайлы қарамағандығын анық көреміз. Ғалымның өткен ғасырдың 37-ші жылдарына дейінгі жазылған еңбектері қазақ терминологиясының, жалпы терминология туралы кейінгі іргелі зерттеулердің бастау алуына оң ықпалын тигізді.

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі:

1. Сыздық Р. Ғылыми таным үзіктері. I том. Алматы: Кіе, 2009. – 472 б.
2. Жұбанов Қ. Қазақ тілінің ғылыми курсы жөнінен лекциялар. Алматы, 1966. – 101б.
3. Жұбанов Қ. Қазақ тілі жөніндегі зерттеулер. – Алматы: Мемлекеттік тілді дамыту институты, 2010. – 608 б.
4. Герд А.С. Формирование терминологической структуры русского биологического текста. - Л., 1981. – 115 с.
5. Сыздық Р. Көптомдық шығармалар жинағы. Сөздер сөйлейді. 4-том. Алматы: Ел-шежіре, 2014. – 58 б.

References:

1. Syzdyq R. Ǵylymi tanym üzikteri. I tom. Almaty: Kie, 2009. – 472 b. .
2. Jūbanov Q. Qazaq tilinñ ǵylymi kursy jöninen leksialar. Almaty, 1966. – 101b..
3. Jūbanov Q. Qazaq tılı jönindegi zertteuler. – Almaty: Memlekettik tildi damyту instituty, 2010. – 608 b. .
4. Gerd A.S. Formirovanie terminologicheskoi struktury ruskogo biologicheskogo teksta. - L., 1981. – 115 s.
5. Syzdyq R. Köptomdyq шығармалар jinaǵy. Sөzder söileidi. 4-tom. Almaty: El-şejire, 2014. – 58 b.